

Бекітемін
№9 «Бәйтерек» бөбекжайы
жедел басқару құқығындағы
МККҚ директоры
Титанова М. У

**2020-2021 оқу жылындағы №9 «Құлыншақ» ересек тобының
ата-аналар жиналысының жылдық жоспары.**

Мақсаты: Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын жетілдіру, оқыту бағдарламаларын меңгеру, алдағы міндеттерді педагогикалық ұжыммен бірге шешу.

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	№1 ата-аналар жиналысы: 1. Карантин режиміне байланысты балабақшаның жұмыс тәртібімен таныстыру. Онлайн. Балалардың қашықтан оқуға қатысын қадағалау. 2. Ата-аналар комитетін сайлау. 3. Әртүрлі мәселелер	21.01.2021ж	Тәрбиешілер: Базарбаева К.Д Қалдыбаева А.К Медбике:
2	№2 ата-аналар жиналысы: 1. Кезекші топ балаларының ата – аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсінік жұмыстарын жүргізу 2. Әртүрлі мәселелер	15.03.2021ж	Тәрбиешілер: Қалдыбаева А.К Базарбаева К.Д Медбике:
3	№3 ата-аналар жиналысы: 1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-аналар комитетінің жылдық есебі. 2. Әртүрлі мәселелер	21.05.2021ж	Тәрбиешілер: Қалдыбаева А.К Базарбаева К.Д Әдіскер: Шангреева Айнур

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ның №9 «Құлыншақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Қатысқандар:

21.01.2021ж

Топ тәрбиешілері: Базарбаева К.Д.
Қалдыбаева А.К

Медбике: Эгамбердиева Мадина

Ата-аналар: 17

Барлығы: 20

Күн тәртібінде:

1. Карантин режиміне байланысты балабақшаның жұмыс тәртібімен таныстыру. Онлайн. Балалардың қашықтан оқуға қатысын қадағалау.
2. Ата-аналар комитетін сайлау.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша онлайн **WHATSAPP** желісі арқылы Карантин режиміне байланысты балабақшаның **қашықтан оқытуды ұйымдастыру** жұмыс тәртібімен таныстыру жайлы түсіндірме жасады. Жиналыс барысында ата-аналарға топтардың қашықтықтан оқыту қалай жүргізілетіні туралы айтылып, презентация көрсетілді. Жиналыста түйгендері мен презентациядан көргендерін ортаға салып, өз пікірлерімен бөлісті.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар өзара ақылдасып, ата-аналар комитеті сайланды.

Ата-аналар комитетінің торайымы: Исберген Гаухар

Мүшелері: Сарсенова Маржан

Мырзатаева Рамиля

Әртүрлі мәселе бойынша балабақша медбикесі Эгамбердиева Мадина Бала денсаулығыны жайлы сөз қозғады. Карантин ережелері сақталып, балаларды адам көп шоғырланатын жерлерге көп апармауды, уақытылы тамақтандырып, тазалық сақтауды ұсынды. Баланың бақытты болуы үшін, дені сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз ісіне сенімді,




жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болу шарт, -деп өз сөзін қорытындылады.

Жарыс сөз

Ата-ана: Жарыссөзге барлық ата-аналар шығуға тырысты. Барлық ата-аналардың атынан Курбанова Гулжан өз сөзінде топ тәрбиешілеріне жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, деніміз сау болсын, балаларымыз ауырмасын, тезірек мына індеттен құтылайық деп тілегін айтып, көп алғыс білдірді, барлық ата-аналар қосылды.

Шешімі

1. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда ата-ана тарапынан балаға жағдай жасау, қолдау көрсету. Ата-аналар комитеті бірауыздан сайлансын және балабақшаның және топтың қоғамдық өміріне ата-аналардың белсенді қатыссын.
2. Медбике Смагулова Жапырақ сақтық шаралары қолданылсын Барлығы бір ауыздан келісті:

Тәрбиеші:  Қалдыбаева А.К
Медбике:  Смагулова Ж.Т
Хатшы:  Базарбаева К.Д

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ның №9 «Құлыншақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

15.03.2021ж

Қатысқандар:

Топ тәрбиешілері: Базарбаева К.Д.
Қалдыбаева А.К

Медбике:

Смагулова Ж.Т

Ата-аналар: 11

Барлығы: 13

Күн тәртібінде:

1. Кезекші топ балаларының ата – аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсінік жұмыстарын жүргізу
2. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша онлайн *WHATSAPP* желісі арқылы бөбекжай медбике Смагулова Жапырақ кезекші топ балаларының ата – аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсінік жұмыстарын жүргізді туралы баяндады. Маска тағып жүру міндеттелді, артық екі маска беріп жіберу туралы айтылды. Қолды жиі жуып, антисептик шашу, тазалық сақтау

Әртүрлі мәселе бойынша. Тәрбиеші: Қалдыбаева А.К сөз алды. Жиналысқа қатысушы ата-аналармен өздерін таныстырып, осы топтың тәрбиешілері болатынын айтты. «Карантин індетіне байланысты жадынамамен таныстыру, пандемиялық жағдайға байланысты жалған ақпарат таратудан сақ болу» туралы кеңестер берілді, слайдпен көрсетіліп өтті, топ тәрбиешісі ата-аналарға баламен сөйлескенде қандай көңіл күйде тұрса да эмоциясын тежеп, сабырлы болу керектігін айтты

Жарыс сөз:

Ата-ана: М.Эдильбаева сөз алды. Сіздер шақырсаңыздар біздер келіп немесе онлайн режимінде қолымыздан келгенінше қол ұшын беруге дайынбыз. Бұл ойларыңыз дұрыс екен,-деді. Осылай әр-ата ана өз пікірлерін айтты.

Шешім:

1. Медбике Смагулова Жапырақ кезекші топ балаларының ата – аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Карантин індетіне байланысты жадынамамен таныстыру. Баланың өмірі мен денсаулығын нығайту жұмыстары күшіне енсін.

Барлығы бір ауыздан келісті

Тәрбиеші:  Қалдыбаева А.К

Медбике:  Смагулова Ж.Т

Хатшы:  Базарбаева К.Д

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ның №9 «Құлыншақ» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №3

21.05.2021ж

Қатысқандар:

Әдіскер: Шангреева Айнур

Топ тәрбиешілері: Базарбаева К.Д.

Қалдыбаева А.К

Ата-аналар: 16

Барлығы: 18

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-аналар комитетінің жылдық есебі.

Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Ата-ана комитеті Исберген Гаухар өзінің жылдық есебін берді. Ата-Аналардың жыл бойына балабақшада өткен іс-шараларға белсене қатысып, балаларды дайындап, балабақшамен тығыз байланыста болғанын мақтанышпен айтты. Барлық ата-аналарға алғысын білдірді.

Тәрбиеші: Қалдыбаева А.К тәрбиешілермен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту, ұйымшылдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру мақсатында Сонымен қатар ата-аналарды балабақша аясында өткен іс-шаралармен таныстыру. Ата-аналарға отбасында тәрбие беруді сараптаушы жаднамасын түсіндіру. Балабақша аясымен балабақшада атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Жыл бойындағы алға жетістіктерімен жеңістермен туралы жаңалығымен бөлісті.

Әртүрлі мәселе бойынша: тәрбиеші Базарбаева К. Жазғы сауықтыру шараларының жұмыс жоспарымен таныстырды. Жазда балалар мектеп секілді демалысқа шықпайды. Сондықтан балабақшада түрлі қызықты көріністер, ертегілер, ойындар, сахналық қойылымдар, серуендерді тәрбиешілер алдын ала жоспарлап қояды. Сол жоспар бойынша іс-шаралардың орындалуы мен қадағалап отырамын. Асфальт бетіне сурет сал сайысы да ұйымдастырылады. Бассейнге суды толтырып балаларды шомылдырамыз. Мен өзім де балалармен бірге ойнап, бірге күліп, қалай бал

болып қалғанымды да білмеймін. Бәріміз жаз айында асыр салып , ойынмен өткіземіз. Жаз мезгілінде күн ыстық болатынын білесіздер, сол себепті балаларды бас киіммен келуі қадағаланса.




Жарыс сөз.

Әдіскер: Шангреева Айнур өз сөзінде ата-аналарға, топ тәрбиешіне жұмысына шығармашылық табыс тілеп алғысын білдірді. Биылғы оқу жылына керемет қызықты, жемісті, жеңісті болғанын айтты. Келесі оқу жылында бұданда жақсы жаңалық күтетінін айтты. Алдағы уақытта балабақшаның гүлденуіне, өркендеуіне барлығымыз бірауыздан үлестерін қоса берейік деп аса сеніммен айтты.

Ата-ана: Иманбаева Айгул өз сөзінде топ тәрбиешілеріне және балабақша ұжымына көп алғыс білдірді, балаларын көзінің қарашығындай сақтап, оларға тәлім-тәрбие беріп жарыстарға қатыстырып жүргендері үшін рахметін айтты, барлық ата-аналар қосылды.

Шешім:

1. Ата-ана комитеті Исберген Гаухар өзінің жылдық есебін берді деңгейінің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын
2. Ата-аналар да балаларды бас киіммен жіберетінін айтып келісті
Барлығы бір ауыздан келісті

Әдіскер:  Шангреева А.Ж
Хатшы:  Базарбаева К.Д
Тәрбиеші:  Қалдыбаева А.К